

Магнурова Рыскул Касенгазиевна

*Қазақстан-Ресей медициналық университеті,
аға оқытушы*

Терминология және медициналық терминдердің біріздендірілуі

Қазіргі заманауи тілдердің 90%-ын арнайы лексика құрайды (яғни ғылымның арнайы салаларындағы лексикалық бірліктердің жиынтығы). Жаңа сөздердің осындай жоғары қарқынмен түзілуіне жаңа ғылыми білімнің пайда болуы немесе басқаша айтқанда ғылыми-техникалық прогрестің жылдамдығы әсер етіп отыр деуге болады. Арнайы лексикалық бірліктерінің артуы және экстралингвистикалық факторларды ескеру терминология проблемаларының өзектілігін арттыра түседі. Терминология-лексиканың нақты секторы, терминдер жүйесі, яғни белгілі бір, нақты бөлінген мағынасы бар ғылыми (философиялық, қоғамдық саяси, ғылыми-техникалық) тілдегі сөздер.

Кез-келген зерттеуші термин ұғымының екіұштылығы мәселесіне тап болады. Мемлекетаралық стандарттау жөніндегі ұсынымдарға сәйкес "термин – «ұғымдардың атауы үшін таңдап алынатын немесе жасалатын, кейін сол салада үнемі қолданылатын белгілі бір (ғылыми, техникалық және т.б.) сөз немесе сөз тіркесі».

Лексикалық бірліктердің массивін терминдер мен термин емес сөздерге бөлудің қиындығы терминологияда жалпы қолданылатын сөздерге ұқсас бірліктердің болуымен байланысты. Арнайы лексика аясында да, жалпы лексика аясында да жұмыс істей алатын лексикалық бірліктер шартты терминдер деп аталады.

Ғылыми дискурсқа сәйкес зерттеу мәселесі терминология үшін өзекті болып қала береді. Қазіргі тіл білімінде терминді зерттеуде екі негізгі тәсіл белгілі: нормативті және сипаттамалық. Нормативтік тәсіл бойынша термин белгілі бір типтегі лексикалық бірлік ретінде қарастырылады, оның жалпы әдеби тілдің сөздерінен ерекшелейтін ерекше семантикалық және

грамматикалық құрылымы бар. Нормативтік көзқарасты жақтаушылар терминге нақты талаптар қояды, сәйкесінше мұндай термин бір мәнді, дәл, жүйелі, қысқа және синонимдер мен антонимдері болмауы керек. Тіл білімінде мұндай терминше «идеал термин» деген анықтама берілді.

Сипаттамалық көзқарасты жақтаушылар терминнің қолданылуын зерттей келе оларға нормативті тәсіл бойынша қойылатын талаптардың заңдылығына күмән келтірді (Г. О.Винокур, Б. Н. Головин, Р. Ю. Кобрин, в. п. Даниленко, А. и. Крылов). Сипаттамалық тәсілге сүйенсек термин ерекше сөз емес, тек белгілі бір функциядағы сөз, яғни кез-келген сөз термин бола алады, ал кез-келген термин жалпы лексика саласына енеді. Демек, термин көп мағыналы болуы мүмкін, синонимдер мен антонимдік қатар да оларға тән. Қазіргі зерттеулер сипаттамалық көзқарасты жақтаушылардың пікірінің дұрыстығын растайды.

Терминдерді қалыптастыру процесінде тілдің құрылымдық ерекшеліктеріне сәйкес терминнің формасы мен мағынасы арасындағы байланыс анықталады. Жаңа термин тілдік тәжірибеден бұрыннан бар қажетті маңызды ақпаратты іздеу, оны арнайы «тілдің ақпараттық-терминологиялық саласында» бекіту арқылы қалыптасады.

Терминдер, өз кезегінде, номенклатуралық (омыртқа, буын) және мағыналық не сипаттамалық (интеркостальды невралгия, гипоксия) болып бөлінеді. Терминологиялық анықтамалар белгілі бір ғылым саласындағы абстракция принциптеріне сәйкес құрылады, ал терминдердің бүкіл жүйесі ғылыми пәннің бейнесін және ғылыми білімнің жай-күйін көрсетеді. Алайда білім дамып, түрлі ғылыми мектептердегі ғылыми ұғымдардың талқылануында өзгешеліктер болғандықтан ғылыми терминдердің мағыналары өзгеріп отырады [1, 195 б.].

Медицина адамзат білімінің ежелгі салаларының бірі, бұл саладағы терминдер ғылымның қалыптасуы мен даму жүйесімен тікелей байланысты бірқатар ерекшеліктерге ие.

Біріншіден, медициналық терминология басқа саладағы терминологиямен салыстырғанда жоғары деңгей интернационализацияланды. Бұл заманауи

медицина ежелгі Грециядан (тіпті Рим империясында да медициналық білімді негізінен гректер жетілдірген) бастау алып, сәйкесінше грек тілі медициналық терминологияға негізгі үлес қосқандығына байланысты. Бұл терминдер ең алдымен, «Гиппократ жинағында» («Corpus Hippocratum») жазылған. Еуропалық медицина мен медициналық терминологияның тарихы іс жүзінде осыдан басталады. Екіншіден, медициналық терминологияның қалыптасуы мен дамуының алғашқы кезеңінде латын тілінің күшті әсеріне ұшырағаны сонша, тіпті ауызекі латын тілінің (VIII – IX ғғ.) «өлімінен» кейін де барлық ғылыми медициналық еңбектер тек латын тілінде жазылды [2].

Осындай ерекшеліктерді ескере келе қазақ тілінің медицина саласындағы терминдердің пайда болу көздеріне қарай төмендегідей топтарға бөлуге болады:

1. Түпнұсқа қазақ тіліндегі атаулар: жамбас, ұрық, бүйрек, көкбауыр, жүрек, қуық және т.б. халықаралық синонимдері жоқ терминдер.

2. Қазақ әдеби тілінің сөздік қорының негізінде сәтті балаималары табылған терминдер: вакцина – екпе, моча – несеп, капельница – тамызғы, сакрализация – сегізкөздену, потенция – күш-қуат.

3. Батыс Еуропа тілдерінен орыс тілі арқылы енген, сонымен қатар әртүрлі дәрежеде ассимиляцияланған терминдер: а) ағылшын: блокада, допинг, шунт, шок және т. б.; ә) француз: акушер, бандаж, дренаж, кретинизм, мигрень, шанкр және т. б.; б) неміс: фельдшер, шпатель, шприц және т. б.

Бірақ бұлар қазақ тіліне орыс тілінің жазылу, айтылу үлгісімен енгендіктен, қазақ тілінде білім алған адамға бұлардың жазылуы да, айтылуы да айтарлықтай қиындық келтіреді, себебі Кеңес өкіметі кезінде жасалған әліпбиімізде қазақ тілінің дыбыстық ерекшелігі мүлде ескерілмеген.

Медицина терминдерінің қалыптасуында терминжасамның барлық тәсілдері қолданылады. Дегенмен, жалпыхалықтық тілдің сөздің құрамында көпмағыналылық, синонимдес атаулар көп, олар термин таңдауда өз ықпалын тигізіп отырады. Мысалы, туберкулез атауының қазақ тіліндегі баламасы, жалпыхалықтық тілде көкірек ауру, құрт ауру, көксау, өкпе ауруы, көкірек

бұзылуы, көкірек құрты болса, радикулит – бел ауруы, құяң, шойырылма, зуд – ашу, қышыма, қышып дуылдау, т.б. Осы мысалдың өзі қазақ тілінің сөздік қоры медицина тілін қазақшалауға толық мүмкіндік бере алатындығын көрсетеді. Тек оны өз мағынасында, ғылыми мәнге ие болатындай мүмкіндік беретін тілдік ортаға бейімдеу керек.

Терминологияның белгілі бір даму кезеңінде термин баламаларының қолданылуы жоғары деңгейде дамыған тілдеріне де (ағылшын, неміс, орыс т.б.) тән құбылыс екенін атап айтқымыз келеді. Бұл жөнінде Ресей медициналық Ғылымдар Академиясының академигі В.В.Куприяновтың: «Орыстың анатомиялық терминологиясын құру, жасау өте қиын жұмыс екен. Оған 100 жылға созылған уақыт кеткеніне таңдануға болмайды» - деген пікірінің (1981 ж) бізге де тікелей қатысы барын атап өткен жөн.

Ғалым Мұхамбедия Ахметовтың айтуынша: «Халықаралық қолданыстағы терминдерді (мысалы: функция, реакция, рефлекс, элемент, тонус, т.б.) қазақшаға аударар берсек, ғылыми ұғымнан алшақтап кетуі мүмкін. Қазақы балама табамыз деп кейде мазмұны мүлдем басқа жаққа жетелеп кететін жарыспалы атауларды (мысалы, синергизм деген сөзді селбесу, бірлесу, қатарласу, үйлесім, ұштасу, септесу деп, «спазмды» – түйілу, тарылу, тырысу, бырысу, жиырылу) тықпалауды қою керек» [3].

Тіл термин сөз арқылы жаңарып отырады, молая түседі. Сондықтан терминдерді қазақ тіліне аударуда ең алдымен сөздік қордан балама іздеп көрген жөн. Сәтті, терминнің мағынасын толықтай ашатын балама сөз табылмаған жағдайда термин тіл заңдылықтарына сәйкес енгізілуі керек.

Осы тұрғыда айта кететін бір мәселе бар. Аудармашы терминнің шынайы мағынасын ескеріп отыруы керек. Мұнда тілді жақсы меңгеру жеткіліксіз, сонымен бірге сол тілде сөйлейтін халықтың болмысының реалийлерін де жақсы білуі керек.

Мәселен тілдің тарихи қалыптасу ерекшелігіне байланысты белгілі бір атаулар саны жағынан көбірек болса, екінші бір атаулар аз болуы мүмкін. Қазақ тілі сүйек, асқазан-ішек құрылысына қатысты баламаларға бай екені

байқалады. Мысалы: плечавая кость – тоқпан жілік, крестец – сегізкөз, бедренная кость – сан сүйек, толстая кишка – аш ішек, слепная кишка – соқыр ішек. Алайда қан тамыры, нерв жүйесіне қатысты терминдерді орыс, латын және басқа да тілдерден транслитерациялауға тура келеді: conus-конус, neuron-нейрон, limpha-лимфа.

Ал орыс тілінің бір ғана терминін қазақ тілінде контекстке қарай түрлі баламалармен беруге болады. Сөзімізге Ахметовтың мына бір пікірі дәлел: «Осы пікірімізді «медицина ауылынан» алысқа бармай-ақ дәлелдеуге болады. Мысалы, «острое заболевание», «острая боль», «острый нож», «острый угол», «острая игла», «острый красный перец», «острый язык», «острая ситуация» – орыс үшін бәрі «острый», ал қазақ үшін әрқайсысының өзіне тән атауы бар – «жіті ауру», «қатты ауырсыну», «өткір пышақ», «сүйір бұрыш», «үшкір ине», «ащы қызыл бұрыш», «орақ тіл», «шиеленіскен жағдай» [3].

Сондықтан, терминдерді тәржімалағанда міндетті түрде сол ғылым саласының ғалым маманы және тіл ғылымы саласының маманы бірлесіп жұмыс істесе дұрыс болар еді. Өйткені бұл екеуінің одақтасуы арқылы ғылыми терминнің тереңіндегі иірімдер игеріліп, қазақ тіліндегі ұмыт болған архаизмдер орнын табар еді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Волков А.А. Язык и мышление. Мировая загадка. М.: Издательство ЛКИ, 2007. – с. 194- 195
2. Купова Ю. Н., Купов С. С. Роль калькирования в переводе медицинской лексики
3. Ахметов М. Медицина терминдерін қалай қазақшалап жүрміз? <https://egemen.kz/article/169917-meditsina-terminderin-qalay-qazaqshalap-dgurmiz>